



ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ӘЛЕМДЕГІ САЯСИ ЭЛИТАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛЕМДІК САЯСАТ ПЕН ЭКОНОМИКАДАҒЫ РӨЛІ

*Шамишева Нургуль Каршыгаевна, доцент м.а.
Есжан Арай Нұрғазыұлы, 1 курс магистранты
Л. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада қазіргі заманғы әлемнің саяси элиталарының ерекшеліктері, саяси және экономикалық өзгерістер нәтижесінде пайда болуы мүмкін жаңа элиталардың қалыптасуы мен өзгеру нұсқалары қарастырылған. Саяси элиталардың әлемдік саясаттағы және экономикадағы мәселелерді шешудегі маңыздылығы атап көрсетілді.

Аннотация. В статье рассмотрены особенности мировых политических элит в современном мире, варианты формирования и изменения новых элит, которые могут возникнуть в результате политических и экономических изменений. Представлена значимость политических элит в решении вопросов мировой политики и экономики.

Abstract. The article considers the features of world political elites in the modern world, options for the formation and change of new elites that may arise as a result of political and economic changes. The importance of political elites in resolving issues of world politics and economics is presented.

Кілт сөздер: элита, жаһандану, әлемдік саясат, әлемдік экономика, саяси элита, саяси шешімдер, трансұлттық элита, ұлттық элита.

Ключевые слова: элита, глобализация, мировая политика, мировая экономика, политическая элита, политические решения, транснациональная элита, национальная элита.

Key words: elite, globalization, world politics, world economy, political elite, political decisions, transnational elite, national elite.

Адамдар ежелгі заманнан бері адамзаттың өмір сүруі негізінен билік өкілдерінің шешімдерінен тәуелді екенін айқын түсініп келеді. Олар жалпы халықтың қажеттіліктері мен мүдделерін білдіруі мүмкін, бірақ шынайы және көп жағдайда бұл аз ғана топтың жеке мүдделері мен мақсаттарын көздейді. Сондықтан, барлық уақытта билік етушілердің (саяси жетекшілер, элита, оның ішінде саяси элита) ерекше, жетекші рөлі ғылыми зерттеулердің әрқашан назарында болды. Әрине, бұл мәселеде әртүрлі көзқарастар мен нұсқалар болды, болып жатыр және әлі де бола береді. Қоғамның жоғары топ өкілдері саяси элитаның болуы және өмір сүруі қажет екендігі туралы әрдайым қолдап, тұжырымдап келсе, төменгі, бағынушы топ өкілдері билеуші топтағылардың билікте заңды болуы туралы мәселелерді талқыға салып келеді. Осы тұрғыдан




Түпталған мақала тақырыбы өзекті болып табылады. Зерттеу пәні әлемдік саяси элиталардың әлемдік саясат пен экономика саласына әсері болып табылса, зерттеу міндеттері саяси элитаның қоғаммен қарым-қатынасындағы өзгерістерді зерделеу, жаһанданудың саясат пен экономика саласына әсерін, әлемдік элитада соңғы уақытта болған өзгерістерге баға беру, әлемдік элиталардың қалыптасу үдерісіне сипаттама беру болып табылады.

Қазіргі уақытта элита көптеген, әртүрлі (саяси, экономикалық, кәсіби, интеллектуалдық, т.б.) бағыттағы топтардан, қауымдастықтардан тұрады. Элитаның қоғаммен қарым-қатынасы мәселесінде соңғы жылдары елеулі құрылымдық өзгерістер болуда. Өзгерістер мен айналым үрдістері көп болғанымен, олардың арасында билік пен қоғамның арасындағы қатынастарда ұлттық және трансұлттық элиталар ықпалының күшеюі ерекше орында. Егер бұрынғы замандарда мұндай қарым-қатынастардың жетекші қозғаушы күші және билік тұлғасы ретінде монарх (король, хан, сұлтан, император, т.б.), көсем, аристократтар, дінбасылар болса және солар ретінде қабылданса, соңғы ғасырларда халық арасынан, қоғамның орта және төменгі топ өкілдерінен шыққан адамдар да билік күші және тұлғасы болуда және солар ретінде қабылдануда. Бұл соңғы уақыттарда өмір сапасының артуымен, білім, ғылым, сауаттылық деңгейінің жоғарылағандығымен, қоғамның жоғары сатыларына көтерілу мүмкіндіктерінің пайда болуымен, қоғам топтарының, қоғам мен билік арасындағы байланыстардың қарқынды болуымен, қоғамның даму деңгейінің жоғарылағандығымен тығыз байланысты.

Соңғы уақыттарда қоғамның жоғары топ өкілдері (саяси, интеллектуалдық элита) қазіргі заманда қоғамның ақпарат алу, тарату, білім, сауаттылық деңгейінің артқандығына қарап, бұрынғы замандағыдай, қоғам өмірін қатаң реттеу мен бірыңғайландырудың мүмкін еместігін түсініп келеді. Қазіргі заманғы адам бойында оның болашағының негізгі мәселелері жатқан «еркіндік» пайда болды, оны пайдалану мен дамыту мүмкіндіктері қалыптасты.

Сайып келгенде, соңғы кездердегі үлкен өзгерістер «жаһандану» атты әлемдік үдеріспен байланысты [2]. Жаһандану әлемнің кезекті даму кезеңі ретінде үлкен қарқын алып келеді. Оның мәні адами және қаржылық капиталдар, қызметтер мен тауарлар еркін айналымда болатын, елдер мен ұлттық нарықтар арасындағы кедергілер жойылатын бірыңғай жүйенің қалыптасуында. Жаһанданудың қарқынды дамуын соңғы жылдарда әлемдік экономикадағы құрылымдық өзгерістерден байқауға болады: елдер мен концерндер өндіріс, басқару мен таратудың желілік жүйесіне бірігуде, халықаралық бәсекелестік пен өндіріс ақпаратты білу мен өңдеудің қызметтеріне айналуға, негізгі экономикалық үдерістер жаһандық сипат алып жатыр [1].

Жаһандану экономиканың қоғамдағы рөлін басқару маңыздылығы жағынан айқындайтын саясат саласына және ондағы үдерістерге, мәселелерге, айқындаушы күштер мен нысандарға да үлкен әсерін тигізуде. Саясаттың, билік пен қоғамның арасындағы қозғаушы күші болып саналатын саяси элитаның жаңа түрлері мен нұсқалары қалыптасуда. Ұлттық, мемлекеттік элиталардың қарым-қатынастары бұрын болмаған жоғары деңгейге жетті, нәтижесінде салыстырмалы түрде тұрақты аумақтық шектелген және әскери-саяси



Одақтардың орнына серпімді, өзгерістер мен айналымдарға көп ұшырайтын ұзақсыз одақтар мен байланыстар жүйесі қалыптасты. Әлемдік элиталар байланыстарының артуы С. Хантингтон айтқандай, өзара тәуелді элиталардың «Давос мәдениетін» қалыптастыруға алғышарт жасайды [4]. Нәтижесінде, ұлттық мемлекеттік қоғамнан, қауымдастықтан, шектен тәуелсіз сезінетін, солай қабылдайтын «автономды трансұлттық элиталар» пайда болады. Шешімдер қабылдаудың ұлттық, мемлекеттік деңгейден жоғары ұлттық, мемлекетаралық, одақтық, әлемдік деңгейге біртіндеп ауысуы қатардағы азаматтардың ғана емес, ұлттық, мемлекеттік саясатта қазіргі уақытта жетекші топтағылардың да шешімдерді қабылдауға ықпал, әсер ету мүмкіндіктерін әлсіретеді. Яғни, жаһандану жағдайында шешімдерді қабылдау субъектілері жеткілікті түрде еркін, тәуелсіз, ал олардың шешімдерін қоғамның түсінуі қиын және қолжетімділігі төмен болады, бұл трансұлттық элиталардың саяси билігінің күшеюіне алып келеді.

Алайда, аталған фактор зерттелетін мәселенің бір жағына ғана баға береді. Екінші жағынан, жаһандану үдерісінің қарқын алуына ұлттық, мемлекеттік элиталардың ұлттық экономика, саясат, мәдениет мәселелерін шешу және бақылау мүмкіндіктерінің төмендеуі жағдай жасайды. Нәтижесінде, саяси элиталардың өз мемлекетінде сайлаушылардың үстінен бақылау және сайлау үдерістерін реттеу мүмкіндіктері де азаяды, тіпті жойылады. Халықаралық жағдайда элиталардың саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік, діни, т.б. мәселелерді шешудің жауапкершілігі мен салмағы қарсы топтар мен қоғамдық ұйымдардың сынына, қоғамның өз билеушілеріне сенімсіздігі мен сын-қарсылығына алып келетін, мемлекет ішінде сайлаушылардың мүдделеріне қайшы келетін шешімдерді жүзеге асыруға жағдай жасайды. Нәтижесінде, жаһандану жағдайында әлемдік аренада элиталардың билігі артады, ал мемлекет ішінде кемиді.

Әлемдік элитада соңғы жиырма жылда болған өзгерістерді бірнеше топқа бөлуге болады:


1) әлемнің бірқатар елдеріндегі (Шығыс Еуропа, Латын Америкасы, Орталық, Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс Азия, Африка елдерінің көпшілігіндегі) бұрын қалыптасқан саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени жүйелердің дағдарысы, ыдырауы, жаңа жүйеге, қарым-қатынастарға көшуі, айналуы, алмасуы;

2) көптеген елдердегі саяси сауаттылық деңгейінің және жұмылдыру жұмыстарының бұрыс және қалыптан тыс формаларда жүруі және болуы;

3) ұлттық, мемлекеттік және жергілікті заңшығарушы, атқарушы және сот органдарының қосымша жүйелік өзгерістерге ұшырауы (ұлттық сайлаушыларға бағынбайтын экономикалық, қаржылық және өндірістік құрылымдардың ұлғаюы, таралуы);

4) әлемдік деңгейде ұйымдасқан қылмыстық топтар қызметінің таралуы және ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі заң, құқық қорғаушы органдарының оларға қарсы күресінің жүйесіздігі, белсенділігінің төмендеуі;

5) ресми және заңсыз көшіп-қону үдерістерінің артуы (әсіресе, даму және халықтың өмір сүру деңгейі төмен елдерден дамыған елдерге).



Соңғы уақытта елдер арасында әлемдік саясатта және экономикада та... ыртқы саяси шешімдер қабылдау, дипломатиялық шаралар қабылдау деңгейінің төмендеуі мен тиімділігінің кемуі, шарттар мен келісімдерді толық және мүлдем орындамау және басқару жүйесінің тірек күштерін сыртқы саясаттан ішкі саясатқа ауыстыру үрдістері белең алуда. Мұны Америка Құрама Штаттарындағы (АҚШ) Д. Трамп әкімшілігінің Латын Америкасы елдерімен жүргізіп жатқан саясаты, Қытай мен АҚШ арасындағы «сауда соғысы», Қытайдың Батыс Еуропа, АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен «технологиялық бәсекелестік соғысы», Ресей мен Украина, Солтүстік Корея мен АҚШ, Иран мен АҚШ қарым-қатынастары, әлемнің көптеген елдерінің экстремистік және террористік ұйымдармен күресінің жүйесіздігі мәселерінен көруге болады.

Әлемдік элиталардың қалыптасу үдерісіне сипаттама бере отырып, әлемдік өзгерістердің тарихи дәстүрлі формалардан өзгеше әртүрлі формаларда жүріп жатқандығын ерекше атап кеткен жөн. Оларға элита мен қоғамның арасындағы жіктің ұлғаюы, элиталардың ішіндегі ұйымдасу және жинақталу деңгейінің жоғарылауы, әлемдік саясат пен экономиканың негізі ретінде мәміле мен келісім рөлінің күшеюі, көшбасшылықтың «жұмсақ» технологияларының басым болуы жатады [3].

Қорытындылай келгенде, ұлттық, мемлекеттік деңгейден жоғары құрылымдардағы элиталар билігінің күшеюі жаһандық ауқымда монополиялық құрылымдардың пайда болуына алып келеді. Егер ұлттық, мемлекеттік, жергілікті деңгейдегі элита өкілдері қоғам мен билік арасындағы қарым-қатынастарды, байланыстарды жүйелі түрде дамыту, басқару тиімділігін жоғарылату үдерістерін өте төмен қарқынмен жүргізсе немесе мүлдем жүргізбесе, жаһанданудың теріс жақтары ұлт, мемлекетпен бірге, оның элиталарын да жойып жіберуі де ғажап емес. Сонымен бірге, әлем елдерінің элиталарының және мемлекет ішіндегі элиталардың арасында ынтымақтастық пен татулықтың болуы да жаһанданудың теріс жақтарына төтеп беруге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Доцанова А. И. Основные направления устойчивого экономического роста АПК Казахстана. / А. И. Доцанова // Экономика сельского хозяйства России. – 2014. – №6. – С: 68-73.
2. Кортунов С. В. Мировая политика в условиях кризиса. Учебное пособие. М: ВШЭ, 2010.
3. Кузина, С. И. Политические насилия: природа, манифестирование и динамика в глобализирующемся мире. Ростов-на-Дону, 2010.
4. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций и преобразование мирового порядка. Новая постиндустриальная волна на Западе: Антология. Под редакторством В. Л. Иноземцова. М., 1996.